

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕСЕБІ**

КІРІСПЕ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ миссиясы: Жаңа білімдерді қалыптастыру және өңірдің зияткерлік әлеуетін ашу.

Пайымдау: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті - облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сапалы адами капиталды қалыптастыруға ықпал ететін қуатты өңірлік университет.

Университеттің басты міндеттерінің бірі - қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Осы орайда 2023-2029 жылдарға арналған «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Даму бағдарламасы басты құжат ретінде басшылыққа алынады.

Даму бағдарламасын іске асыру аясында білім беру сапасы мен интернационалдандыруды арттыру, ғылыми әлеует пен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, цифрландыруды енгізу және инфрақұрылымды жақсарту бағытында белсенді жұмыс жасауда.

Тұрақты даму саласындағы Университеттің корпоративтік құжаттардың бірі - Тұрақты даму саласындағы Саясаты.

<https://korkyt.edu.kz/files/SDG/%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%20%D0%A6%D0%A3%D0%A0%20%D2%9B%D0%B0%D0%B7%20%D0%9D%D0%9E%D0%92.pdf>

Саясаттың мақсаты - Тұрақты даму мақсаттары мен ESG (Environmental, Social, Governance) контекстіндегі университет қызметінің негізгі қағидаттарының, бағыттары мен міндеттерінің ынтымақтастығы, осы қызмет түрлерін басқару жүйесін және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілдерін сипаттау.

2024–2025 оқу жылында білім беру қызметін университетте 577 оқытушы атқарды, олардың ішінде 22 ғылым докторы, 75 философия докторы (PhD), 188 ғылым кандидаты бар, ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 49%.

Университетте 83 бакалавриат, 44 магистратура, 13 докторантура (PhD) білім беру бағдарламалары бойынша 5 институт, 20 білім беру бағдарламасы (кафедра), 4 секция, сондай-ақ 6 ғылыми орталық базасында кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Стратегиялық бағыт 1. Академиялық шеберлік және білім беруді интернационалдандыру.

Мақсат 1. Университеттің кадрлық және ғылыми әлеуетін дамыту үшін корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және капиталды тартуға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады.

Университет корпоративтік басқаруы әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилік пен құзыреттілікке негізделген.

Директорлар кеңесі — басқару органы болып табылады. Кеңес құрамындағы 6 мүшенің құрамындағы әйелдің үлесі 50% құрайды. Директорлар кеңесіне консультативті-кеңесші органдар – Стратегиялық жоспарлау комитеті, Аудит жөніндегі комитет, Кадрлар және Сыйақы жөніндегі комитет.

Университеттің ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның атқарушы органы – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы – университет ректоры. Басқарма мүшелері университет пен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін әдістерді пайдалана отырып, өз құқықтарын жүзеге асыруға және өз міндеттерін адал орындауға міндетті. Басқарма құрамындағы 5 мүшенің 3-уі әйел бар, бұл жалпы санның 60% құрайды.

Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған Ішкі аудит қызметі университеттің ішкі аудитін ұйымдастыратын және жүргізетін бақылау органы болып табылады.

Ғылыми кеңес академиялық, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмысымен байланысты мәселелерді қарастырып, шешімдер қабылдайды.

Әкімшілік-басқару персоналының құрамындағы әйелдер үлесі - 47%.

Жалпы 1000-нан астам қызметкердің ішінде профессор-оқытушылар құрамының 69%-ы әйелдер үлесінде. Бұл Университеттің гендерлік теңдік қағидаттарын өз жұмысының барлық деңгейлері мен салаларына ендіру ұмтылысын көрсетеді.

Университет оқытушылар құрамының, қызметкерлердің және студенттердің халықаралық деңгейде жарияланған құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді. Университет адам құқықтарының бұзылуына араласпауды қамтамасыз етеді және ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды.

Университетте Тұрақты даму қағидаттарын практикаға енгізу үшін Тұрақты даму саласындағы саясатын іске асыру жөніндегі 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары (<https://korkyt.edu.kz/page/241>) бойынша жұмыстар жүргізілді.

Университеттің құрылымдық бөлімшесіндегі тұрақты дамуына уәкілеттілер бекітілген, олар университеттің құрылымдық бөлімшесінде

тұрақты даму жүйесін енгізу және жұмыс істеуіне жалпы басшылық жасауды ұйымдастырып, жүзеге асыруға жауап береді (<https://korkyt.edu.kz/page/250>).

Университетте Корпоративтік әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Харассменттен қорғау жөніндегі саясаты, Студенттердің ар-намыс кодексі сияқты әділдік пен теңдікті басшылыққа алатын құжаттар аясында сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде бопсалау мен паракорлыққа төзбеушілік туралы мәлімдейді.

Кемсітушілік, кез келген нысандағы төзбеушілік және құқықтардың бұзылуы жағдайында оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметіне және Әдеп жөніндегі уәкілге хабарласа алады.

Мақсат 2. Университеттің инновациялары мен сұраныстарына негізделген білім беру бағдарламаларының және берілетін біліктіліктердің сапасын қамтамасыз ету.

Университет тұрақты даму бағытында бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде Педагогикалық ғылымдар, Әлеуметтік ғылымдар, Бизнес, басқару және құқық, Жаратылыстану ғылымдары, Инженерлік, өндірістік және құрылыс салалары, Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, Қызмет көрсету сияқты беру бағдарламалары бойынша дайындықты жүзеге асырады. <https://korkyt.edu.kz/staticpages/252>

2024-2025 оқу жылында студенттердің жалпы саны – 9888, оның ішінде 4457-сі мемлекеттік білім гранты бойынша, 203-і жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша, 5228-і ақылы негізде білім алды.

2024-2025 оқу жылында магистратура бойынша контингент 548 білім алушы болды, оның 373-і мемлекеттік білім гранты бойынша, 175-і ақылы негізде

2024-2025 оқу жылында контингент 76 докторантты құрады, оның 75-і мемлекеттік білім гранты, 1-і ақылы негізде. 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда контингент 48%-ға жоғары.

2024–2025 оқу жылы әлеуметтік қолдау көрсетілгендер саны – 640 студент.

Барлық басқа қалалардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген (жалпы орын саны – 1 566, 2025 жылғы 1 қыркүйегі жағдайы бойынша – 1 443 студент).

2022–2023 оқу жылдан бастап студенттерге COURSERA халықаралық білім платформасынан жетекші ғалымдардан білім алу мүмкіндігі берілді. Соңғы 3 жылда 3 000 студент оқып, 4 773 сертификат алды.

Университет өзінің оқу бағдарламаларына тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) интеграциялауда. Білім беру бағдарламаларындағы пәндердің мазмұнына 2024-2025 оқу жылы жаңа тақырыптар енгізілді.

Болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа, маңызды, өзекті бағдарламаларды енгізу үздіксіз жүріп жатыр. Қажеттіліктер мен

өзектілікті ескере отырып 2024-2025 оқу жылында біріккен білім беру бағдарламалары енгізілді, бұл өткен 2023–2024 оқу жылымен салыстырғанда 20%-ға жоғары.

Кадрларды кәсіби даярлауды жақсарту, кадрларды даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындату және оқыту мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту мақсатында университетте дуальды оқыту жүйесі енгізілді.

Біздің университетімізде студенттердің инновациялық идеялары мен стартап-жобаларын жүзеге асыруға толыққанды мүмкіндік беретін Бизнес-инкубациялық орталық (BIC) табысты жұмыс істеуде.

Соңғы төрт жылда стартап-жобалар саны тұрақты өсім көрсетіп, 2021 жылғы 24 жобадан 2024 жылы 44 жобаға дейін жетті. Резиденттердің жобаларына жалпы сомасы 95 670 000 теңге инвестиция тартылған

Студенттерге қолайлы жағдай жасау мақсатында аумағы 500 ш.м. болатын жаңа коворкинг орталық ашылды. Ол 35 компьютермен, бейне-конференция жүйесімен және жоғары жылдамдықты интернетпен (500 мб/сек) жабдықталған.

Білім беру бағытында «Al-Sana» бағдарламасы аясында 11 200 білім алушы жасанды интеллект негіздерін оқыды. Сонымен қатар, Python, Data Science және Project Management сияқты сұранысқа ие курстар өткізіліп келеді.

Университет әр жыл сайын оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында арнайы курстар ұйымдастырады. 2024 жылы 437 адам біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Осылайша университет тұрақты даму саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруда ағылшын тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар білім беру бағдарламаларына тұрақты даму туралы әмбебап модульдерді енгізуге бағытталады.

Мақсат 3. Білім беру бағдарламаларының халықаралық бағдары және жоғары білім беруді интернационалдандыру.

2025 жылы алғаш рет оқытушыларға COURSERA халықаралық білім платформасында оқу мүмкіндігі берілді. Қазіргі таңда 150 оқытушы 939 пән бойынша білім алып, алған білімдерін сабақтарында белсенді қолдануда.

2024 жылы университет Түрік университеттері одағының ORKHUN бағдарламасына енді.

Бакалавриат деңгейінде «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» (ТИИИМСХ) (Өзбекстан) Ұлттық зерттеу университетімен (жаһандық QS-TOP-600 енгізілген) 6 бірлескен білім беру бағдарламасы енгізілді:

- 6B07368 – Кадастр

- 6B08675 – Мелиорация, рекультивация және жер қорларын қорғау

- 7M05247 – Экология

- 7M11279 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік)

- 7M07155 – Электр энергетикасы (Жаңартпалы энергетика)
- 7M04142 – Есеп және аудит.
- Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (Оңтүстік Корея) 4 бірлескен білім беру бағдарламасы енгізілді:

6B06101 – Ақпараттық технологиялар (Information system)

6B06102 – Компьютерлік бағдарлама және бағдарламалау (Computer software and programming)

6B06103 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері (Cybersecurity systems)

6B01501 – Компьютерлік ғылым (Computer science).

Магистратура деңгейінде М.Танка атындағы Белоруссия Мемлекеттік педагогикалық университетімен (Беларусь Республикасы) 7M01519 – Биология, Сафолк университетімен (Ұлыбритания) 7M04107 – Іскерлік басқару (EMBA) бірлескен білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.


Қос дипломдық білім беру аясында 4 бағдарлама әзірленді:

- Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен (Қырғызстан) «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы (магистр дәрежесі);

- Мәскеу авиациялық институтымен (Ресей) «6B06155 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша (бакалавр дәрежесі).

- СеулТех университетімен (Оңтүстік Корея) 6B06103-«AI architect», 6B06104-«Data management» (бакалавр дәрежесі).

2024-2025 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігі SeoulTech компаниясымен бірлескен 4 білім беру бағдарламасына 100 білім грантын бөлді.



2024-2025 оқу жылында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарына білім алған студенттердің жалпы саны 64 студентті құрады.

Оның ішінде бірінші академиялық кезеңде 29 студент:

- Корея Республикасына (Каннам университеті – 10 адам);

- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 14 адам);
- Бельгия Корольдігіне (Ховест қолданбалы ғылымдар университеті – 5 адам).

Екінші академиялық кезеңде 35 студент:

- Корея Республикасына (Каннам университеті – 8 адам);
- Польша Республикасына (Лодзь университеті – 10 адам);
- Әзірбайжан Республикасына (Әзірбайжан мемлекеттік экономика университеті – 5 адам);
- Өзбекстан Республикасына (Самарқанд мемлекеттік шет тілдер институты – 4 адам);
- Өзбекстан Республикасына (ТИАШМИИ – 3 адам);
- Түркияға (Сельджук университеті – 5 адам).

2024 жылы Ховест қолданбалы ғылымдар университеті (Бельгия), Кунсан ұлттық университеті, Уосук университеті, Джонжу университеті және Оңтүстік Кореяның басқа да жоғары оқу орындары, Быдгощ қаласындағы экономикалық университет (Польша), Ресейдегі Ұлттық экономикалық университет «Жоғары экономикалық мектеп», Хаджетепе университеті (Түркия), Анкара университеті (Түркия), Цзяотун Оңтүстік-батыс университеті (Қытай Халық Республикасы), Лузофона университеті (Португалия), Саффолк университеті (Ұлыбритания) және басқа да 30-дан астам шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтармен жаңа ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

2024–2025 оқу жылында сабақтар 26 шетелдік ғалыммен жүргізілді, олардың ішінде:

- профессор Ло Синг Кай, Гонконг Білім университеті
- профессорлар Андрий және Сергей Любчик, Лузофон университеті
- профессор Джон Каразерс, Корнель университеті
- профессор Ли Джу Сонг, Гонконг университеті
- профессор Норман Мендоза, Гонконг университеті
- профессор Эшли Харуда, Оксфорд университеті
- профессор Махмут Озаджар, Сакария университеті және басқалары.

Бүгінгі таңда университетте Оңтүстік Корея, АҚШ және Түркия Республикасынан келген 4 оқытушы-волонтер жұмыс істейді.

Шетелдік әріптестермен бірлескен жұмыстың нәтижесінде әлемдік баспалар – Springer және Brill кітаптарында тараулар жарық көрді, әлемдік журналдарға бірнеше мақалалар жариялауға дайындалуда, сондай-ақ халықаралық жобаларды жүзеге асыруға өтінімдер берілді.


Жыл сайын университет ғалымдарының жоғары рейтингті журналдардағы жарияланым белсенділігі артуда. Университет ғалымдары жалпы: Scopus базасында – 585 мақала, Web of Science базасында – 283 мақала. Олардың ішінде, 2024 жылы: Scopus базасында – 135 мақала, Web of Science базасында – 69 мақала.

Мақсат 4. Жоғары әлеуметтік жауапкершілігі, шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілеті және белсенді азаматтық ұстанымы бар болашақ бәсекеге қабілетті маманның жеке басын қалыптастыру.

Университетте 22 жас ұйымы және 11 спорт секциясы жұмыс істейді.

Университет студенттер мен оқытушыларды тұрақты даму жобаларына қатысуға белсенді түрде тартуды, жергілікті және халықаралық ұйымдармен әріптестікті дамытуды, сондай-ақ тиімділікті арттыру және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін инновациялық технологияларды енгізуді барынша қолдап жағдай жасайды.

2025 жылы 20 ақпанда Террористік шабуылдар туралы 1-курс студенттерімен кездесу ұйымдастырылды. <https://korkyt.edu.kz/article/1718>



2025 жылы 03 наурызда Криминалистика қызметкерлері күніне орай танымдық кездесу өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1749>



2025 жылы 17 наурызда «Заң мен тәртіп» жобасы аясында білім алушылар арасында «Фемида-2025» кәсіби шеберлік сайысы өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1777>



Университет қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне сақтықпен қарауды қолдайды; қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін арттыру бойынша бастамалар қабылдайды, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту жобасы аясында 2025 жылы 26 наурызда «Eco life» студенттік экологиялық клубы ашылды. <https://korkyt.edu.kz/article/1796>



“Таза Қазақстан” экологиялық жобасы аясында жаппай сенбілік өтті.



2025 жылы 28 наурызда «Заң мен тәртіп» қағидатын жастар арасында ақпараттық тұрғыда ілгерілету мақсатында ғылыми-теориялық конференция өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1800>




2025 жылы 09 сәуірде «Қаржылық қауіпсіздік» тақырыбында жиын өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1834>



2025 жылы 15 сәуірде «Білім және инновация: болашаққа қадам» атты дөңгелек үстел өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1868>



2025 жылы 17 сәуірде «Сот ісін жүргізудегі адвокат пен прокурордың сөйлеу шешендігі» тақырыбында сот процесі ұйымдастырылды. <https://korkyt.edu.kz/article/1866>



2025 жылы 27 маусымнан Эковолонтерлік жобасы өз жұмысын бастап кетті.



2025 жылы 29 мамырда Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай «Қоршаған ортаны қорғау және оны ұйымдастыру» тақырыбында ашық дәріс өтті.




Экологиялық мәдениетті дамыту жобасы аясында «Велосипед күні» ұйымдастырылды. <https://korkyt.edu.kz/article/1798>



2025 жылы 22 сәуірдегі Мәйдзи университетінің Обсиадан және тастарды зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, PhD доктор Эйко Эндомен кездесу <https://korkyt.edu.kz/article/1874>




2025 жылы 25 мамырда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бағдарламасы аясында семинар-тренинг өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1906>



2025 жылы 11 тамызда Әзірбайжан спорт академиясының ұйымдастыруымен өткен халықаралық жазғы мектепке қатысып, білімін жетілдірді. <https://korkyt.edu.kz/article/2025>



Университет студенттері Түркияда тілдік лагерьге қатысты. <https://korkyt.edu.kz/article/2024>



2025 жылы 30 шілдеде студенттер «ASK CAMP» республикалық форумына қатысты <https://korkyt.edu.kz/article/2015>



2025 жылы 19 тамызда Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің (SeoulTech) студенттерімен халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламасы басталды. <https://korkyt.edu.kz/article/2034>




Бұл бастама жастардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттырып, болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға ықпал етеді. Әлемнің түрлі елінде тәлім алып жүрген студенттер тек өз болашағына емес, сонымен бірге университеттің де халықаралық деңгейдегі имиджіне үлес қосуда.

Стратегиялық бағыт 2. Ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Мақсат 1. Ғалымдардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық өсуін дамытуға және халықтың өмірін жақсартуға қосқан үлесін арттыру үшін жағдайлар жасау.

2024 жылы 20 қыркүйекте ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бастамасымен ұйымдастырылған ғылыми-технологиялық Хакатон өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1421>




2024 жылы 26 қыркүйекте «Huawei» компаниясының мүмкіндіктері кездесуі өтті <https://korkyt.edu.kz/article/1427>



2024 жылы 30 қыркүйекте Жасанды интеллект және заманауи білім беру» семинар-мәжіліс өтті <https://korkyt.edu.kz/article/1435>



2024 жылы 12 қазанда “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы аясында Сырдария өзенінің жағалауында сенбілік өткізді. <https://korkyt.edu.kz/article/1464>




2024 жылы 28 қазанда «Smart City Kyzylorda Hackathon 2024» IT жобалар хакатоны өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1507>



2024 жылы 18 қарашада «Орта Азия және Қазақстанның су қауіпсіздігі мен суармалы егіншілігі: проблемалары және шешу жолдары» атты халықаралық симпозиум өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1556>




2025 жылы 18 ақпанда «Қазіргі Қазақстандағы этносаралық келісім мен тұрақтылық» тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1712>



2025 жылы 19 ақпанда Ресей және Жапония ғалымдарының қатысуымен Арал теңізінің экологиялық жағдайы туралы дөңгелек үстел өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1713>



2025 жылы 27 ақпанда Су шаруашылығы саласындағы білікті мамандар тәжірибесімен бөлісті. <https://korkyt.edu.kz/article/1733>



2025 жылғы 28 ақпанда «Білім беру мен зерттеулер арқылы тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. <https://korkyt.edu.kz/page/247>



2025 жылғы 13 наурызда Өзбекстанның “Арал өңірінің Халықаралық инновациялық орталығымен” келісімшарт жасалды
<https://korkyt.edu.kz/article/1770>



2025 жылғы 16 наурызда Гонконгтан келген ғалымдар өз тәжірибелерімен бөлісті



2025 жылғы 18 наурызда стартаптарға арналған DEEPSCALE инкубациялық бағдарламасы іске қосылады
<https://korkyt.edu.kz/article/2022>



2025 жылғы 19 наурызда Тұрақты даму мақсаттары бойынша Ерікті ұлттық шолу мәселелерін талқылауға арналған семинарға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің өкілдері қатысты
<https://korkyt.edu.kz/article/1784>



2025 жылы 26 наурызда Арал теңізі күніне орай дөңгелек үстел өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1795>




2025 ж. 4 сәуірде Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне арналған семинар өткізілді. <https://korkyt.edu.kz/article/1824>



Тұрақты даму саласындағы білім мен құзыреттілікті бағалау бойынша университет қызметкерлері, оқытушылар мен студенттер арасында тест жүргізілді, нәтижесінде сапалық көрсеткіш – 75% болды.

2025 ж. 4 сәуірде «Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары: тәжірибелер және келешегі» атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1816>



2025 жылғы 10 сәуірде «Тұрақтылық және жасыл экономикаға көшу, құрылыс саласындағы білім беруді дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Қазақстан құрылыс индустриясын тұрақты даму жолында трансформациялау мақсатында екіжақты меморандумға қол қойылды <https://korkyt.edu.kz/article/1841>



2025 жылғы 18 сәуірде «Құқық және әділет: Жаңа қоғамдағы құқықтық теңдік мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті <https://korkyt.edu.kz/article/1878>



2025 жылғы 25 сәуірде «Кедергісіз келешек» хакатоны өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1880>



2025 жылғы 30 сәуірде «Климаттық оқыту: Жаңа мүмкіндіктер мен серіктестік әлеуеті» тақырыбындағы үш жақты дөңгелек үстел өтті.



2025 жылғы 13 мамырда Италияның Sogesid SpA компаниясының өкілдерімен келіссөздер жүргізілді. <https://korkyt.edu.kz/article/1908>




2025 жылғы 19 мамырда «Smart City Kyzylorda Hackathon 2025» IT жобалар хақатоны өтті. <https://korkyt.edu.kz/article/1922>



Университет өңірлік зерттеу орталықтарының бірі болуға ұмтылады, мұнда инновациялар жасалып, ғылым студенттерге қолжетімді.

Инклюзивті білім беру бағдарламаларын әзірлеу – ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі <https://korkyt.edu.kz/article/1644>



2021 жылдан бастап жас ғалымдарды қолдау мақсатында жыл сайын 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін ішкі гранттар бөлінеді. 2024 жылы гранттың сомасы 10 миллион теңгеден 20 миллион теңгеге артты. <https://korkyt.edu.kz/article/1549>



2021 жылдан 2024 жылға дейінгі конкурс нәтижесінде университеттік гранттың иегерлері 33 адам болды, олардың арасында ғылыми атағы бар жас ғалымдармен қатар 1, 2 курс докторанттары да бар.



Ректордың гранты аясында Жас ғалымдардың ғылыми жобалары 2024-2026 жылдары жүзеге асырылуда:

«Ecology of birds of prey in urban conditions (using Kyzylorda as an example)» <https://korkyt.edu.kz/en/staticpages/473>

Project goal - Description of the functioning of populations of birds of prey in urban habitats based on their comprehensive study data, and assessment of the extent to which the conditions of Kyzylorda are able to meet the needs of different species of falcons to form sustainable populations.

Қоршаған орта және тұрақты даму мәселелері, оның ішінде халықаралық мәселелерге арналған ғылыми жобалар іске асырылуда:

2025 жылы 03 наурызда Университет ғалымдары Сычуань ауылшаруашылық ғылымдары академиясының биотехнология және ядролық технологиялар институтында болып, жұмысымен танысты.

«AIR FARMER CO» компаниясының директоры Сяо Лангму университет ғалымы Ибадулла Таутеновтың AP23489478 «Қазақстан Арал өңірінің күріш жүйелерінің сортаң топырақтарында дәнді құмай сорттарын экологиялық сынақтан өткізу» гранттық жобасына қызығушылық танытты.



2024-2026 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту бағытындағы ғылыми жоба мақсаты - Экологиялық сортсынау негізінде Қазақстандық Арал өңірінің топырақ тұздылығы және қатал агроклиматтық жағдайларына төзімді инновациялық жоғарыөнімді сорттар мен сортүлгілер селекциясы үшін практикалық қызығушылық тудыратын шаруашылық-құнды белгілер кешені бар дәнді құмайдың отандық және шетелдік сорттарының өнімділігіне салыстырмалы талдау жүргізу және жоғарыөнімді генотиптерін іріктеу <https://korkyt.edu.kz/en/staticpages/485>

2024-2026 жылдарға арналған «Биоремедиация стратегиясын таңдау үшін Арал өңірінің мұнаймен ластанған топырақтары микроорганизмдерінің таксономиялық әртүрлілігін және биотехнологиялық әлеуетін зерттеу»

Жобаның мақсаты - Бұл жобаның мақсаты Арал өңірінің топырақ микробиомаларының таксономиялық, метаболикалық және генетикалық әртүрлілігін және биотехнологиялық әлеуетін және мұнаймен ластанған топырақты биоремедиациялау стратегияларын әзірлеу кезінде алынған нәтижелерді пайдалану мүмкіндігін зерттеу болып табылады.
<https://korkyt.edu.kz/en/staticpages/478>

2024-2026 жылдарға «Күріш қауызынан алынатын өсімдік майы май қышқылдарының моно- және диглицеридтерін фармакофорлы фрагменттермен модификациялау – ісікке қарсы қосылыстарды жасау»

Жоба мақсаты - күріш кебегінің өсімдік майынан оқшауланған май қышқылдарының моно - және диглицеридтерінің әртүрлі фармакофорлық блоктарымен модификациялау негізінде ісікке қарсы әсері бар жаңа тиімді дәрілік кандидаттарды құру.

<https://korkyt.edu.kz/staticpages/477>

2023-2025 жылдарғы жүзеге асырылған «Жануарлар мен адамдардың әртүрлі ауруларының терапиясында потенциалды белсенді симметриялық және симметриясыз типтегі жаңа орынбасқан каркасты фосфонаттарды жасау».

Жоба мақсаты жаңа реакцияларға негізделген жаңа типтегі симметриялық және симметриясыз типті функционалды орынбасқан каркасты фосфонаттар жасау стратегиясын дамыту
<https://korkyt.edu.kz/staticpages/306>

«Қорғалған топырақтағы көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыру үшін интерплантингтің инновациялық технологиясын енгізудің ғылыми негіздері» <https://korkyt.edu.kz/staticpages/311>

«Робототехникалық жүйелерді машиналық оқыту әдістерін зерттеу және әзірлеу» <https://korkyt.edu.kz/staticpages/260>


«Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту»
<https://korkyt.edu.kz/staticpages/269>

Гранттық және бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында сатып алынған ғылыми зертханаларға жалпы – 123 болды.

Университет 2022 жылдан бастап ғылыми зерттеулер мен олардың әлемдік рейтингтік журналдарда жариялануын қолдау мақсатында ғалымдарға материалдық көмек көрсетіле бастады.

Зерттеуші оқытушылардың санының өсуі де зерттеу ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. 2024 жылы «профессор-зерттеуші» - 4 және «оқытушы-зерттеуші» категориясына 1 ғалым енгізілді.

Университеттің студенттері мен қызметкерлеріне Психологиялық қолдау орталығы мамандары тарапынан психологиялық көмек көрсетілуде.



Мақсат 2. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және университеттің әлемдік аренадағы имиджін арттыру.

Университет QS World University Ranking-2024 рейтингі бойынша әлемнің 1401 + үздік университеттерінің қатарына кіреді.

Азия құрлығының жоғары оқу орындары арасында QS Asia ranking рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша 2024 жылы университет ТОП541-560-қа кірді.

UI Green Metric World University Rankings-2023 әлемдік рейтингінде университет 1015 орында.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2024 жылы алғаш рет Times Higher Education рейтингінде Global University impact Rankings-2025 индикаторы бойынша нәтижелер көрсетті. Рейтинг қорытындысы бойынша

университет БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының келесі бағыттары бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындары арасында 1501 + позициясын иеленді.

«500 ғалым» шетелде тағылымдамадан өту бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылы Рединг университетінде (Ұлыбритания) - 4, Қазан федералды университетінде (Ресей) - 1, Иллинойс университетінде (АҚШ) -1 ғалым тағылымдамадан өтті.

Өзара және теңдік принципіне негізделген білім, ғылым және технология саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында 2023-2029 жж. Корея Республикасының Білім министрлігі қолдауымен Сеул Ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университет жобасы» LUPIC жобасы жүзеге асырылуда.

2024 жылдан бастап Токионың Мэйдзи университетінің Обсиадана және тастарды зерттеу орталығымен бірлесіп «Еуразиядағы ауыл шаруашылығының таралуын археоботаникалық зерттеу» жобасы жүзеге асырылуда. 2026 жылға дейін есептелген жоба Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігімен қаржыландырылады.

Еуроодақ бағдарламасы аясында Инженерлік бейіндегі зертхана қызметкерлері Horizon-2020 бағдарламасына қатысуда. Мария Складовская-Кюри H2020-MSCA-RISE-2020 PhytoAPP жобасы бойынша жұмыс істеуде. Бұл жоба Альцгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алуға арналған инновациялық суда еритін фитоматериал-ингибиторларды әзірлеуге бағытталған.

Түркия Республикасының Жастар және спорт министрлігінің қолдауымен және қаржыландыруымен «Мәдени мұра» атты бірлескен мәдени-танымдық жоба жүзеге асырылуда (2024-2025), ол екі елдің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тілімен танысуға, белсенді жастар арасында университеттер мен орталықтарды таныстыруға бағытталған.

Түркия Республикасы Жастар және спорт министрлігінің қолдауымен және қаржыландыруымен 2024–2025 жылдарға арналған «Мәдени мұра» атты бірлескен мәдени-ағартушылық жоба жүзеге асырыла бастады.

Эразмус+ Еуропа Одағының «Халықаралық кредиттік мобильділік» жобасы да жүзеге асырылды, ол Ховест қолданбалы ғылымдар университетімен студенттер мен ПОҚ алмасу бағдарламасын қамтиды.

Университеттегі оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ғылыми журналдар шығарылады. Халықаралық ISSN PORTAL орталығымен келісім негізінде барлық ғылыми журналдарға баспа және электронды ISSN индекстері (Сериялы басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі) берілді.

Ғылыми журналдардың редакциялық алқасына Қазақстан, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Польша, Беларусь, Пәкістан, Жапония, Португалия, Әзірбайжан және басқа елдердің ғалымдары кіреді. Әлемнің әр түрлі елдерінен 87 ғалым қатысады.

Ғылыми сараптама жүргізу үшін бұл елдерден 217 рецензент тартылған. Ғылыми журналдар халықаралық CROSSREF дерекқорында және e.LIBRARY.RU ғылыми электронды кітапханасында индекстеледі.

Стратегиялық бағыт 3. Инфрақұрылымды цифрландыру және жаңғырту.

Мақсат 1. Студенттер мен қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасау үшін инфрақұрылымды жаңғырту.

Студенттер мен университет қызметкерлері үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында инфрақұрылымды модернизациялау жүргізілуде.

2025 жылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жаңартуға кеткен шығындар 1 107 709,60 мың теңге құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 6 есе артық (2021 жылы – 185 173,4 мың теңге).

Соңғы 5 жылда құрылыс және жөндеу жұмыстары оқу ғимараттары мен жатақхана, кітапханаларда кезең-кезеңімен жүргізілуде. Жаңа 56 кабинет пен зертхана сатып алынды. Демеушілер есебінен 22 аудитория жөнделіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Олардың ішінде есептік жылы 15 кабинет сатып алынған.

Бас оқу ғимараты мен №5 оқу ғимаратында онлайн курстарды жазуға арналған бұл екі робот кабинеті қызмет көрсетеді.

Университеттің жабық спорттық кешендерінің ауданы 6 486,71 м², оған жаттығу-залы, 25x11 м жүзу бассейні және футбол залы бар «Сейхун» спорт-сауықтыру кешені кіреді. Университетте жалпы ауданы 3 540 м² болатын ашық жазғы спорт нысандары бар.

Студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыру үшін 5 асхана, 4 буфет жұмыс істейді, жалпы 700 орынға арналған, ауданы 3 296,4 м², олардың 7-і аутсорсингке берілген. Асханаларды жөндеу және жабдықтау үшін жалға алушылар 28 615,1 мың теңге көлемінде инвестиция салды.

2025 жылы жаңа 50 орындық асхана ашылды.



Өңір жастарына арналған BIC (business incubation center) коворкингі жұмысын бастады



2025 жылы 24 қаңтарда демеушілер есебінен №5 оқу ғимаратында жаңа дәрісхана ашылды



2025 жылы 04 сәуірде демеушілер есебінен бас оқу ғимаратында жаңа дәрісхана ашылды



Университетте қажетті медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектермен жабдықталған 109 м² аумақты құрайтын медициналық орталық жұмыс істейді.

Мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізу үшін 456 орындық акт залымен және жалпы ауданы 1 900,31 м² Студенттер сарайы бар.

Университетте жалпы ауданы 21 993,4 м² болатын 5 жатақхана және оқытушыларға арналған 1 жатақхана бар. 2024 жылы 9 оқу ғимаратының аумағында спорт алаңы орнатылды.

Бұл мақсатты жүзеге асырудың бір аспектісі – университет аумағын өсімдіктермен ұлғайту, яғни. көгалдарды, бақтарды қоса алғанда, жаңа алаңдар құру.

Ботаникалық бақ және жылыжай шаруашылығы аумағына мың түп тал егілді. <https://korkyt.edu.kz/article/1801>





4,38 га аумақта орналасқан Ботаникалық бақта топырақсыз әдіспен экологиялық таза өнім өсіретін жылыжай шаруашылығы бар. Ботаникалық бақты абаттандыру үшін 150 түп жеміс ағашы, 1350 түп көшет отырғызылып, ашық жылыжай орнатылды. Сондай-ақ, суаруды ұйымдастыру үшін тамшылатып суару жүйесі орнатылды.

«Community Gardens» қоғамдық бақтарын құру мақсатында көгалдандыру жұмыстары <https://korkyt.edu.kz/article/1783>



Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері тұрақты негізде университет аумағын қоқыстан тазарту бойынша сенбіліктерге қатысады,



Университет өз қызметінде энергияны үнемдейтін және жасыл технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты басып шығару тәжірибесін енгізу арқылы кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы ресурстарды артық тұтынуды азайтуға және бар теріс экологиялық әсерді азайтуға тырысады.

Тазалық жұмыстарында жиналған кәдеге жарамды қалдықтар мен қоқыстар әрі қарай тиісті орындарға өткізіледі.



Университетте қалдықтарды бөлек жинау жүйесі жұмыс істейді, қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылып, контейнерлік алаңдар жаңғыртылды.



Университетте энергия тиімділігі және ресурс үнемдеу бағдарламалары жүзеге асырылуда, сондықтан барлық ғимараттарда есеп құралдары орнатылған.



Университет заманауи су үнемдеу құралдарын пайдалана отырып, күрделі жөндеу бағдарламасына сәйкес сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғыртудан өтуде.

Университет аумағында тұтынылатын электр энергиясы мен көліктен парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылуда.



Атап айтқанда нақты мына бағытта жұмыстар жүргізілуде:

1. Электр энергиясын пайладану деңгейін төмендету.
2. Университет аумағында көліктердің кіру санын азайту үшін тосқауыл (шлагбаум) қою.
3. Іс-шараларға қашықтықтан және онлайн-форматта қатысу.

4. Күн-жел электр станциясының қуатын пайдалану



Мақсат 2. Цифрлық архитектураны дамыту.

Университет басқару процесінің барлық қатысушыларының цифрлық жетілу деңгейін және сана-сезімін арттыруға бағытталған Автоматтандыру және цифрландыру арқылы негізгі қызмет түрлері мен инфрақұрылымды трансформациялауды қарастырады.

Цифрландыру жағдайында білім беру қызметтерінің инновациялық дамуына бағытталған интеграцияланған ақпараттық ортаны қалыптастыру мақсатында 2023–2029 жылдарға арналған «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ цифрлық трансформациясы және киберқауіпсіздік бойынша 20 қадам» жол картасы әзірленді.

Есептік жылы университеттің автоматтандырылуы бойынша мына жұмыстар атқарылды:

- Есептеу қуатын үнемдеу мақсатында бұлтты инфрақұрылымға көшу жүзеге асырылды;
- Деректерді өңдеу орталығы құрылыс жұмыстары жүргізілуде (оқу корпусы №5 аумағында);
- Microsoft 365 платформасы сатып алынып, басқару процестері электрондық форматқа, ал оқу процесі гибриді формаға (Teams) көшірілді;
- 2025–2029 жылдарға арналған «20 қадам» цифрлық трансформация және киберқауіпсіздік жол картасы әзірленді;
- 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарына 415 жоғары сапалы моноблок алу жоспарланған.

Аталған іс-шаралар ақылды кампус құруға, университеттің операциялық шығындарын азайтуға және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық баламаларды және ресурстарды үнемді пайдалануды ілгерілетуге бағытталған шаралар:

1. Баспа материалдарына тәуелділікті азайту мақсатында сандық платформаларды (Salem Office электрондық құжат айналымы жүйесі, Platonus Korkyt автоматтандырылған ақпараттық жүйесі) пайдалануды ілгерілету.

2. Студенттерге, оқытушыларға және қызметкерлерге бұлтты сақтауды және цифрлық құралдарды пайдалануды кеңінен насихаттау.

3. Оқырмандарды баспа нұсқаларының орнына ашық цифрлық оқулықтар мен онлайн-ресурстарды пайдалануға машықтандыру және профессор-оқытушылар құрамының электронды оқу материалдарын (оқу құралдары, дәріс жинақтары, т.с.с.) шығаруын ынталандыру.

Platonus платформасы арқылы студенттердің деректері жиналып, жатақханаға мұқтаждардың саны анықталады.

Университетте электрондық басылымдарға қолжетімділік Университет пен кітапхана сайттарында, сондай-ақ Университеттің білім беру порталында қамтамасыз етіледі.

Кітапхана құжаттарын өңдеу және іздеу процесі толықтай автоматтандырылған және «МагаПРО» автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады. Электрондық каталог көлемі 189230 библиографиялық жазбадан тұрады және 11074 цифрланған басылымдарды қамтиды.

Кітапхана сайтында интернет арқылы қолжетімді халықаралық және республикалық ресурстарға тікелей сілтемелері бар бөлім бар: Республика аралық университеттік электрондық кітапхана www.rmebrk.kz (РМЭБ); Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы (ЭГБФ-ҚазНЭБ); «ПОЛПРЕД Справочники» дерекқоры, «Эпиграф» электрондық кітапханалары <https://elib.kz/ru>, IPR SMART www.iprbookshop.ru, Алем Букс, Параграф ақпараттық жүйесі <https://auth.zakon.kz/> және басқалар.

2024 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды техникалық университеті, ҚБТУ, К.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ сияқты жетекші университеттермен электрондық кітапханалардың әлеуетін және ақпараттық ресурстарын бірлесіп пайдалану туралы ынтымақтастық келісімдер жасалды.

Толық мәтінді түрлі дерекқорларға, соның ішінде Web of Science, Scopus-қа қолжетімді және шетелдік дерекқорларға тестілік қолжетімділік мүмкіндіктері жасалған.

Әлем кітапханашыларының бас қосуына айналған IFLA-2025 89-шы Дүниежүзілік конгресіне университеттің ғылыми кітапхана директоры қатысты. <https://korkyt.edu.kz/article/2031>



ҚОРЫТЫНДЫ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ өзінің тұрақты даму мақсаттарына сай ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда, өйткені университет үшін тұрақты даму мақсат ретінде де, құрал ретінде де қарастырылады.

Тұрақты даму арқылы ішкі тұрақтылыққа қол жеткізгеннен кейін университет өзінің әлеуетін аумақты дамыту үшін пайдалана бастайды.

Кадрлар даярлаудың барлық деңгейіндегі білім беру бағдарламаларында еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай экологиялық қауіпсіздік және ресурс үнемдеу технологиялары саласындағы, әлеуметтік теңдік пен инклюзия бағытындағы үздік тәжірибелерді зерделеуге бағытталған пәндер жоспарланып, оқу үдерісіне енгізу кезеңімен іске асырылуда.

Тұрақтылық мәселелерін шешуге деген қызығушылық әртүрлі дерекқорларда университет ғалымдарының индекстелген басылымдардағы жарияланымдарымен расталады.

2024-2025 оқу жылы университет студенттері мен қызметкерлері әр түрлі офлайн және онлайн форматтағы іс-шаралардың ұйымдастырушылары мен қатысушылары болды. Тұрақтылыққа, тұрақты дамуға, әлеуметтік жұмыс, экологияға байланысты 20-дан астам іс-шараны ұйымдастырып қатысты.

Университеттің жастар саясаты оқудан тыс уақытта мәдени-көпшілік және тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізу, волонтерлік қозғалыс, қоғамдық акцияларға белсенді қатысу, сондай-ақ тұрақты даму мақсаттары саласында студенттік бастамаларды дамыту, аумақты жинау, гендерлік теңдік тақырыбындағы пікірталастар және т.б. арқылы жауапкершілігі зор қоғамды тәрбиелеуге белсенді түрде жәрдемдеседі.

Университеттің ТДМ аясындағы қызметі туралы жұртшылықты ақпараттандыру үшін университет сайтында «Тұрақты даму мақсаттары» атты арнайы қойынды құрылды (<https://korkyt.edu.kz/page/209>).

Университет өзінің қызметі аясында қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға ұмтылады, экологиялық бағдарланған қоғамды қалыптастыру жөніндегі жауапкершілікті түсінеді және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған түрлі жобаларды іске асыруға атсалысады.